

## 2022 - 2023 оқу жылының тәрбие жұмысына талдау.

**Өткен оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсаты анықталып және жоспарлау жұмысына талдау жасалды.**

Өткен жылғы тәрбиенің басым бағыттары және олардың қойылған мақсаты *«Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, салауатты өмір салты негіздерін ұстанатын, жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу»* Белгіленген тәрбие міндеттерінің тұлға қалыптастырудағы өзекті бағыттарының тұлғаның жас ерекшелігіне сәйкестігі; *Жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімдік қабілеттерін дамыту;*

- ✓ *Салауатты өмір салтын нығайту негіздерін қалыптастыру;*
- ✓ *Отансүйгіштікке тәрбиелеу; мемлекеттік символдар мен ұлттық дәстүрлерге деген құрметті қалыптастыру;*
- ✓ *Тұлғаның өз құқығын және міндетін сезінуді қалыптастыру;*

*Экологиялық сауаттылықты және мәдениетті ұстануды қалыптастыру.*

Тәрбиелік іс-әрекеттердің дұрыс таңдалуы, мазмұны, жұмыс түрлері, педагогикалық әсер ету құралдары, оқушылардың ортақ іске тарту тәсілдері олар; оқушыларға өз бетімен тәрбие жұмысындағы тақырыптар өзара бөлініп және өз бетінше жұмыстанулары.

Тәрбие мақсаттарын қайта қарау, үйлестіру қажет болған жоқ және белгіленген міндеттерді шешу нәтижесі, алынған нәтиженің көзделген міндеттерден ауытқуы болған жоқ.

### **2. Класс ұжымы дамуының талдауы:**

Кластың социометриялық, рольдік және коммуникативтік құрылымы бойынша өзін жоғары бағалайтын оқушылар анықталған жоқ.

Класс ұжымындағы қарым-қатынас ерекшеліктері: оқушылардың өзара қарым-қатынасы жақсы; ұлдар мен қыздар арасындағы қарым-қатынасы өте жақсы, барлығы бір үйдің балаларындай ұйымшыл, бірін – бірі сыйлауы өте жақсы. коммуникативтік іскерлігінің дамуы жоғары, сынып оқушылары өте өнерге, спортқа деген талантты. Адамгершілік қарым-қатынастары жақсы деуге болады, себебі бір – біріне көмекке қол созуға дайын, жанашырлық таныта біледі; өзара түсіністіктері мен жолдастық, достық қарым-қатынастарының түзелуі өте жақсы.

Оқушылардың мұғалімдерге және мектепке деген көзқарастарындағы басымдылықтары жақсы.

Класс оқушыларының эмоционалдық көңіл-күйі мінездері бар, кейде эмоционалдық көңіл-күйі мінездерін көрсетіп қояды.

Ұжымда байқалған келеңсіз жайттар болған жоқ;

Жанжалдардың орын алуы, себептері және оларды басу әрекеттері жоқ;

Оқушыларды класс өміріне тарту, олардың өздерінің бірлескен іс-әрекеттерін жоспарлау, ұйымдастыру және талдау жұмысына қатысу деңгейлері жақсы.

Оқушылардың қоғамдық белсенділіктерінің дамуы (олардың инициативалары, шығармашылығы, ұйымшылдығы, өз бетімен жұмыстануы), кластағы ұжымдық қызметтер мен жұмыстың даму деңгейі, тәрбие сағаттарын ұйымдастырғанда байқалады. Тәрбие сағаттарында бірін – бірі тыңдауды, бірін – бірі сыйлауды үйренеді.

### **3. Оқушылардың класс және мектеп өміріне қатысуына талдау:**

оқушылардың мектептегі үйірме, секция, клуб, шығармашылық бірлестіктер жұмысына қатысуы жоғары деңгейде; Себебі, «Еркін күрес» үйірмесіне сыныптың ұлдары қатысады.

Оқушылардың жалпы мектепшілік шараларға қатысуы және қатысу уәждері (мотивациясы) берілген тапсырманы уақытылы орындайды және сынып сағаттарын өткенін жақсы көреді.

### **5. Класс оқушыларының дамуының талдауы:**

Оқушылардың интеллектуальдік, көркемдік, сауықтыру-спорттық және басқа да қызмет түрлері бойынша танымдық қызығушылығының арту деңгейі, спорттық үйірмеге қатысымдары жақсы.

## **2022 – 2023 оқу жылы оқушының жетістігі :**

№	Оқушының аты – жөні	Сыныбы	Олимпиада атауы	кезеңі	Нәтижесі
	Айбекова Ақпейіл	2	<b>«Кенгуру – математика барлығы»</b>	Республикалы	III
	Жұмақызы Жанел	2			III
	Бердалы Нәзира	2			III

Қанатбаева Амина	2	<b>үшін» интеллектуалд ық ойын – конкурсы</b>	Қ	ІІІ
Ізбасар Айдар	2			ІІІ
Ерболат Әли	2			ІІІ
Дауылтаева Айжүрек	2			ІІІ
Нұрашов Мейірхан	2			І дәрежелі диплом
Желен Сабыржан	2	<b>«Ақбота» зияткерлік олимпиадас ы</b>	Республикалы Қ	І дәрежелі диплом
Жұмақызы Жанел	2			І дәрежелі диплом
Сәлімгерей Қайсар Қанатбаева Әмина	2 2			

Класс оқушыларының білім, білік және дағдысы деңгейі, олардың сабақ үлгерімі: 2022-2023 оқу жылы бойынша 2 сыныпта барлығы – 21 оқушымен аяқтады, оның 8 –і қыз бала.

Оның ішінде -8 оқу үздігі, 6 - оқу екпіндісі, 6 – орташа оқитын оқушы.

**Үздік оқушылар** –Айбекова Ақпейіл, Желен Сабыржан, Жұмақызы Ж, Нұрашов М, Табыс Ж, Дауылтаева А, Бердалы Н, Избасар Айдар.

**Екпінді оқушылар** – Қанатбаева Ә, Жолдығали Р,

Класс оқушыларының жеке қасиеттерінің ашық көріністері: Оқушылардың көбі еңбекқор, үнемі қасындағы оқушыларға көмектеседі. Табыс Жандаулет – өте тұйық, көп шуды, біреудің өзін мазалағанды ұната бермейді. Нұрсұлу мен Ақмаржан – би билегенді өте жақсы көреді, Жұмақызы Жанел – ұйымдастырушылық қасиеті өте жоғары, Сержан, Жеңісбекспортты өте жақсы көреді, Желен Сабыржан, Бердалы Нәзира, Айбекова Ақпейіл – сурет салғанды жақсы көреді. Избасар Айдар, Егізбай Нұрислам, Нұрдәулетқызы Гауһар үнемі ән айтып шараларға қатысқан кезде белсенді. Әр баланың өзіндік ерекшеліктері бар.

Оқушылардың жеке тұлғалық дамуына: жақсы қасиеттердің қалыптасуына, тума таланттары мен жеке басының қабілеттерінің дамуына олардың әлеуметтік ортасы (ата-анасы мен туған-туысқандары, жолдастары) мен үйірмелер, секциялар, басқа балалар бірлестіктерінің әсері бар, ата – аналардан қолдау өте жоғары.

#### **6. Класстағы тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы мен жүргізілуінің пәрменділігі талдауы:**

Тәрбие жұмысында қолданылған жұмыс формалары мен түрлері, әдіс-тәсілдер; әр қызмет түрінде ұйымдастырылған іс-шаралардың түрлілігі; жеке, топпен және барлық ұжыммен атқарылған тәрбиелік шаралардың өзара үндестігі, жоспар бойынша әр түрлі шаралар өтті.

Атап айтар болсақ, 1 қыркүйек білім күні «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тәрбие сағаты өтті.

- **Қыркүйек айында:** «Ахмет – ұлт ұстазы», «Ана тілім айбыным», «Әлем таныған Әуезов», **Аудандық білім бөлімінің қатынас қағазы негізінде** «Қауіпсіздік ережелері» тәрбие сағаттары өткізілді.



- **Қазан айында:** 1 қазан Қарттар мекемесіне орай «Қарттарым қазынам», 5 қазан қстаздар мерекесіне орай «Ұстаз – ұлы тұлға», **Аудандық білім бөлімінің қатынас қағазы негізінде** 17 қазан күні «Жақсылық – жан шуағы», 22 қазан күні Республика күніне орай сынып сағаттары өтті.



**Қараша айында:** 7- қараша күні Зиянды заттар, 15- қараша Валюта күніне орай «Ұлттық валюта теңге», «Адалдық асыл қасиет», «Шынықсң шымыр боласың»

**Желтоқсан айында:** «Еңбек елдің мұраты», «Тұғыры биік тәуелсіздік»,

Жаңа жыл – жаңа жыр атты сынып сағаттары өтті .



8 наурыз- аналар мерекесі, 22 наурыз – наурыз мерекесіне , 7 мамыр – Отан қорғаушылар күніне орай мерекелік шаралар өтті.

Оқушылардың өткізілген тәрбиелік шаралаға қызығып қатысып отырды. қанағаттануы (оқушылар қызығып қатысқан шараларды және олар үшін қызықсыз болған шараларды көрсетіңіз);

**7. Оқушылармен жеке жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижесінің талдауы: дарынды балалармен атқарған жұмыстар нәтижесі;**

үлгерімі төмен, білім алу құштарлығы төмен оқушылармен жүргізілген жұмыс нәтижесі: Үлгері төмен оқушы Қайыржан Азамат жақсы нәтижеге жетті, Сынып арасында сурет байқауына қатысып, жылдың соңында сабақта қол көтеріп сұраққа жауап беруге талпынып отырды.

**8. Педагогикалық ұжыммен өзара байланыс талдауы:**

Пән мұғалімдерімен қарым-қатынасы, оқушыларға қойылатын талаптар бірлігі, сабақтың үстінде тыныш отыруы, үй тапсырмасын уақытылы орындап келу, үйірме, секция, түрлі шығармашылық бірлестіктер жетекшілерімен байланыс жақсы;

**9. Отбасымен педагогикалық байланыс :**

ата-аналардың кластағы тәрбие жұмысына әсері мен көмегі, зор, ашық тәрбие сағаттарына келіп қатысып отырады, қоғамдық жұмыстарға ата –аналардың араласуы өте жақсы, ауызбіршілігі мол, ұйымшыл. Мектепшілік «Ата – анаммен бір жоба» ғылыми жобалар байқауы өтті. Сыныбымыздан Желен Сабыржан ата – насымен қатысып I дәрежелі дипломға ие болды.



## “Ата – анаммен бір жоба” ҒЫЛЫМИ ЖОБАЛАР БАЙҚАУЫ



Ата – аналар жиналысы өтті. Ата – аналар жиналысы жаңа форматта өткізілді. Мектепшілік ата – аналар жиналысына ата –аналар қатыстырылып, Қауіпсіздік ережесі таныстырылды. Ата – аналардан жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігіне жауап береміз деген Қолхат алынды.



### 10. Қорытынды:

Класс ұжымының өткен жылғы басты жетістіктері, Жарыстарға өте жоғары деңгейде қатысты, орындарға ие болды. Оқушыларды тәрбиелеу ісіндегі сәттіліктері, Ақбота, Кенгур, Зерде, Кішкентай білгірлер, Сурет байқауларына қатысып, жақсы нәтижеге қол жеткізді, Тәрбие жұмысында орын алған келеңсіздіктер мен сәтсіздіктер болған жоқ; Келесі оқу жылының перспективалық мақсаты мен жетекші міндеттері; сабаққа деген қызығушылықты арттыру, жанашырлыққа, ұйымшылдыққа бірлікке баулу.

2 сынып жетекшісі:

С.Тлеугалиева